

2022-2023 оку жылындағы 4 «А» сыныбының тәрбие жұмысының  
I жарты жылдықтағы тәрбие есебі

4 «А» сыныбында барлығы 19 оқушы, оның 8-і ұл, 11-і қыз бала. Үлгермейтін оқушылар жоқ. 2022-2023 оку жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыты бойынша жасалып бекітілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді. Атап айтатын болсам:

Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» Оқушыларды білім күнімен құттықтап, мектептің ішкі ережелерімен таныстырып, өздерінің құқықтары мен міндеттері таныстырылды. «Мемлекеттік тіл менің тілім» тақырыбы бойынша оқушылар тіл туралы мақал-мәтелдер жатқа айтып, эссе жазды. Қыркүйектің 19-ы күні «Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл» тақырыбында балаларға Семей полигоны туралы түсінік беріліп, видеороликтер көрсетілді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында оқушыларға өз міндеттері мен құқықтары айтылып, өз ойлары ортага айтылды. Түрлі суреттер салынды. Жол ережесін білеміз бе? тақырыбында жаяу жүргіншінің ережесі түсіндірілді. Видеороликтер көрсетіліп, оқушылар көрініс қойды. «Ақынның сөзі жүректе Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл (акынның өмірімен таныстыру) Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармалары таныстырылды. Оқушылар өздері билетін өлеңдерін жатқа оқыды.

Қарашаның 14-і күні адамгершілік асыл қасиет тақырыбы өткізілді. Оқушылардың бойына кішіпейілділік, мейірімділік, ізеттілік, сабырлылық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаты қызықты өтті. Сыныпта топқа бөлініп, түрлі жағдаяттарды шештік. «Жаңа үйде өзіңе қайтып келеді» көрсетілімі көрсетіліп, видеоролик бойынша балалардың пікірін тындағым. Дулат Бабатайұлының туғанына – 220 жыл толуына арналған тәрбие сағатының мақсаты ақынның өмірін, шығармаларын оқушыларға терең таныстыру. Ақынның шығармалары арқылы елін, халқын сүюгे, адамгершілікке тәрбиелеу.

Тәуелсіздікке арналған тәрбие сағатында оқушыларға Тәуелсіздіктің кімдердің қанымен, қандай ауыртпашылықпен келгендейтін жайлы айтылып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір баланың бойына дарыту. Оқушыларды туган жерін, елін, Отанын сүюге патриоттық тәрбие беру. Оқушыларға желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың ерліктерін айту, ешқашан ұмытпау керектігі түсіндірілді. Желтоқсанның 19-ы күні «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында мақсатында балаларға ұлттық тағамдар, оның пайдасы, қасиеті туралы түсінік беру. Ұлттық тағамдарды қалай дайындау, дұрыс пайдалана білуге дағыландыру, өз ұлтының тағамдарын қастерлеуге үйрету. Ұлттық тағам түрлерінің жасалу жолдарына байланысты тапсырмалар орындауды. Видеоролик көрсетілді. Соңғы тәрбие жұмысымыз жаңа жыл мерекесін тойлау. Оқушылар жаңа жылдық ән, билерін орындаап, түрлі ойындар ойнап көңіл көтерді.

Қорыта айтқанда, тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп отырды. Барлық оқушылар белсене қатысты.

Сынып жетекшісі:  Д.Н.Әбдіқадыр